

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ.

Найман – Ана

Ана-Бейіттің өз тарихы бар-ды. Атадан қалған аңыз бойынша, әңгіме өткен ғасырларда жуан-жуандардың Сарыөзек даласын басып алуынан басталады. Олар қолға түскен тұтқындарды адам айтқысыз азапқа салатын болған. Реті келсе, жуан-жуандар өз тұтқындарын көрші елдерге құлдыққа сатады екен, ал ондай тұтқындар жолы болған пенделер көрінеді, өйткені олар, әйтеуір, бір қашып шығып, сәті түссе, туған еліне оралады екен. Ал енді жуан-жуандардың қолында құлдықта қалған тұтқындардың күнін құдай көрсетпесін. Жуан-жуандар ондай құрбан құлдардың басына кепеш кигізіп, айуан азаппен ақыл-есінен айырады екен. Әдетте мұндай азапқа қолға түскен жас жауынгерлер ұшырайтын. Ең әуелі олардың шашын бір қылшық қалдырмай тақырлап тұрып ұстарамен қырып алады. Шашын алып бола берген тұста, жуанжунның жалаңдаған қасапшылары таяу жерде ең сыйдаң-саяқ түйені сойып тастайды, Түйенің терісін сыпырын жатып, ең қалың деген төстік көнтерісін бөлек кесіп алады. Сол көнді кесіп-кесіп, әлі жып-жылы буы бұрқыраған қалпында тұтқынның жап-жаңа шашы алынған тақыр басына қаптай қойған кезде осы өзіміздің қазіргі заманда суға жүзгіштердің басына киіп алатын резинка шәпке сияқты сып-сығыр желімдей жабыса қалады. Басқа көн қаптау деген осы екен. Мұндай сықпытқа ұшыраған пенде не өліп кетеді, не бұл азапқа шыдай алмай ақылынан адасып, өткен-кеткенін мүлде ұмытып, өмір-бақи мәңгүрт-құлға айналады. Бір түйенің төс терісінен бес-алты кепеш шығады екен. Басына кепеш қапталған сорлының мойнына ағаш мойынтұрық кигізіп қояды. Ондағы амал: тұтқын пенде басын жерге жеткізе алмауы керек. Осы бір кейіпте әлгі тұтқынды жуан-жуандар аяқ-қолын тырыстырып байлап, шақшиған күннің астына, ассыз-сусыз, айдалаға апарып тастайды. Өйткені әлгі тұтқын, жаны қысылғанда құлындай шырқырап, өлердегі даусы шығып, жуан-жуандар ауыл-аймағының тынышын алады. Бұл тозақ бірнеше тәулікке созылатын болған. Кепеш бас жатқан жердің ұрымтал тұстарында тұтқынды руластары келіп құтқарып алып кетпесін деп қарулы қарауылдар тұрады. Бірақ қыбыр еткен құрт-құмырсқа көрінетін жазықта ондай әрекет, сірә, некен-саяқ кездескен. Алда-жалда, солай да солай, бәленше жуанжуандардың қолына түсіп, мәңгүртке айналып кетіпті деген қауесет шыға қалған күннің өзінде әлгі сорлының ең жақын туыстары оны құтқарып, не барымта беріп алуға ынтыға қоймаған. Өйткені бәрібір, енді елге бұрынғы ер-азамат емес, құр сүлде қайтарын олар білген. Тек ел есінде Найман-Ана атанып кеткен найманның бір әйелі ғана өз ұлының әлгіндей халге ұшырағанына шыдамаған. Ол туралы Сарыөзекте сақталған аңыз да бар. Ана-Бейіт атты зират содан қалған. Айдалада азап кепеш кигендердің, Сарыөзек аптабынан тірі қалғандары аз болыпты. Әлгі мәңгүрттердің бесеу-алтауынан тек бір-екеуі ғана тірі қалатын көрінеді. Өлгендері аштықтан да емес, тіпті сусамыр шөлден де емес, күнге кеуіп тырысқан көн терінің басты шығыршықтай қысып, жан шыдатпас талқысына шыдай алмай өледі екен. Тақыр шекедегі шикі көн шыжыған күннің ыстығымен құрысып, тырысқан кезде тұтқын-құлдың басына темір құрсау салып бұрағандай сықырлата сығады. Күн екінші тәулікке айналғанда-ақ азапкердің тақыр басына шаш шыға бастайды. Азиялықтың тікендей қайсар шашыкей-кейде көн теріні тесіп кіріп кетеді екен де, көбінесе шығарға тесік таппай, кері қарай иіліп барып, бастың өзін бұрғылай бастайды. Ондайды құдай дұшпанына да салмай-ақ қойсын. Сол азаптың ақыры ақыл-естің айнуына ұласады. Тек бесінші тәулік дегенде жуан-жуандар келіп, тұтқындардың қайсысы тірі қалды деп тексереді. Егер азапкерлердің біреуі тірі қалса да, мақсат орындалды деп есептейді. Ондай бейбаққа сусын беріп, құрсаудан босатып, бірте-бірте әлдендіріп, аяғына тұрғызады. Енді бұл зорақыдан ақыл-естен айырылған мәңгүрт – құл деген сөз. Сондықтан да мұндай мәңгүрт басқа он сау құлға татырлық, аса құнды құл саналады. Тіпті көшпелілер арасында мынадай шарт та болған: егер өзара қақтығыс қантөгісте мәңгүрт-құл өлсе, ол үлкен шығын, оның құны өзге азат адамның құнынан үш есе қымбат төленген. Мәңгүрт өзінің кім екенін, ел-жұрты, руының кім екенін, өз атының кім екенін білмес. Балалық шағы, әке-шешесі де мүлде есте қалмас. Бір сөзбен айтқанда, мәңгүрт өзінің адам екенін аңғармас. Өзінің кім екенін білмейтін, сезбейтін мәңгүрттің шаруашылық тұрғыдан келгенде толып жатқан артықшылығы болған. О да бір, тілсіз мақұлық мал да бір, сондықтан ол қауіпсіз де, иесіне шексіз бағынған құлақ кесті құл. Қашып құтылып кету

деген ұғым оның ойына мүлде келмес. Қайбір құл иеленушіге болмасын ең қауіптісі – құлдың көтерілісі. Қай құлды алмаңыз, ішінде нағыз бүлікбас бұғып жатады. Мәңгүрттің басқа құлдардан өзгешелігі сол – онда ешқашан бүлік шығару, бағынбау деген сезім оянбас. Ондай пиғылдан ол ада. Сондықтан да оны қадағалап, қарауылдаудың қажеті жоқ, жаман пиғылы бар-ау деп сезіктенудің де керегі жоқ. Мәңгүрт те ит сияқты иесіне ғана пейіл. Басқа ешкіммен ол сұхбаттаспас. Бар ойлағаны қу қарынның қамы – қарны тоқ болса болды. Ал енді тапсырылған іске жан-тәнімен кірісіп, пәруана беріліп, мүлтіксіз орындайды. Әдетте мәңгүрттерді ең лас, қиямет жұмысқа салар еді, көнтері біреу болмаса басқа адам төзбейтін, жылбысқыдай жалықтыратын ең мезі жаман мехнатқа жегетін. Сарыөзектің меңіреу даласындағы елсізде түйе келелерінің соңынан қалмай жападан-жалғыз мал жаю үшін мәңгүрттен басқа жан баласы шыдамас еді. Ондай ит елген жерде бір мәңгүрт бәленбай адамның жұмысын атқара алады. Тек атауын берсең болды – мал соңында қысы-жазыжалғыз өзі бел шешпей тағдырға налып қыңқ етпей жүре береді. Қожасының пәрмені мәңгүрт үшін бұлжымас заң. Бар тілері қу тамақ, далада үсіп өлмес үшін ескі-құсқы қомыт киім, басқа ештеңенің керегі жоқ... Тұтқынның басын кесіп алу немесе оның зәресін зәр түбіне жіберу үшін басқа бір кез келген жаза деген құдайдың рақаты ғой. Дүниедегі жаза біткеннің сұмдығы адамды ақыл-есінен айыру да. Ақыл-ой – адам өле-өлгенше өзімен бірге болатын жалғыз қазына ғой. Біреудің қолында бар байлық басқа біреуде де бар болар, ал ақыл-ой тек саған ғана тән, басқалардікінен бөлек жалғыз асылың. Біреудің ақылы біреуге қазына болмайды. Өзінің түнек тарихынан тағылықтың ең сұмдық, қатыгез түрінмирас қылған көшпенді жуанжуандар адамның әлгі ең асыл қазынасына қорқаулық жасаған. Олар құлдарды сап-сау күйінде ақыл-есінен таза адастыру амалын тауып, сол арқылы адам баласының болмысына дүниедегі зұлымдық біткеннің ең бір сорақы-зорақысын қолданған ғой. Мәңгүртке айналған тірі өлік баласын жоқтап тұрып, қара күйік пен қасірет қайғының запыранын жұтып тұрып, Найман-Ана былай деп бекер айтпаған да: “О, құлыным, сенің басыңа көн қаптап, темір қысқышпен жаңғақ шаққандай етіп, шығыр салып бұрап, ақыл-есіңнен айырғанда, басыңды құрсаулап қойып қысқанда, үрейлі көзің шарасынан шыға қандысу аққанда, Сарыөзектің түтінсіз жалынында қақталып, ажал аузында ындының құрып жатқаныңда, кезерген ерніце аспаннан бір тамшы тамбағанда, о, құлыным, саған сонда күллі әлемге тіршілік беруші Күнді сен қарғаған жоқ па екенсің? Сонда саған жарық Күн Дүние-Әлемдегі шамшырақ жұлдыздардың ішіндегі ең қап-қара дүлейі, көзсіз соқыры болып көрінген жоқ па екен? Айдала сенің ащы айқайыңнан жаңғырығып, азапқа шыдай алмай, күндіз-түні жанталасып, өкіре өксігіп, безбүйрек аспанға қарап, көк тәңіріден араша күткен сәтінде, жан азабы мен тән азабына төзе алмай, тұла бойың бұлқына бұралып, жұлқына берген соң аузыңнан құсық, артыңнан нәжіс кетіп, сол сасықтан тұншығып киіздей тұтасқан шыбын-шіркей бет-аузыңа үймелеп, ес-түсіңнен айырылып бара жатып, соңғы дәрмен қуатпен бар даусыңмен бақырып, мына дүниені жаратып алып, оны өзі тастап кеткен қу құдайды қарғадың ба екен, құлыным? Адам айтқысыз азаптан айныған ақыл-ойыңды біржолата қараңғылық басып, зорақыдан алжасқан зерде тұманданып, анаңның дидарын, өзің жазда жағасында жүгіріп ойнап жүретін тау бұлақтың сылдырын мәңгі ұмытып бара жатқаныңда; өз атың, әкеңнің аты, ағайын-туғандарыңның түр-түсі, өзіңе қарап ұялып жымиятын қыздың атыжау жапырған жадығынан мүлде шығып бара жатқанда, ақыл-ессіз тұңғиыққа мәңгі-бақи батып бара жатқаныңда, сен сонда, құлыным, сені жарық дүниеге әкелгенім үшін, сені туғаным үшін мына бейбақ анаңды қаһарлана қарғамадың ба екен?” Бұл оқиға көшпелі Азиядан ысырылған жуан-жуандар солтүстікке қарай лап қойғанда болып еді. Жуан-жуандар Сарыөзекті көпке дейін жаулап алып, онымен де қоймай жер көлемін ұлғайтпақ болып әрі десе қолға құлдар түсірмек болып, жан-жағындағы елдермен үздіксіз жауласа берді. Ә дегенде тұтқиылдан шабуылдап, Сарыөзекке жақын жатқан тайпалардың талай-талай ер-азаматын, тіпті қатын-баласын да қолға түсірді. Бәрін де құлдыққа салды. Бірақ басқа тайпалар бірте-бірте есін жиып, бас көтере бастады. Жуан-жуандар Сарыөзектен кетпек былай тұрсын, қайта малға құт осы кең далаға біржолата қазық қаққысы келіп жанталасты. Ал жергілікті халық болса, басқыншыларды қуып шығып

өз жерін ерте ме, кеш пе, әйтеуір қайтарып алуды өздеріне парыз санап, бұл қиянатқа көнгісі келмеді. Қалай дегенде де, ірілі ұсақты ұрыстарда, біресе анау жеңіп, біресе мынау жеңіп, соғыс созыла берді. Бірақ сол созалаң соғыстың өзінде де ара-тұра тыныштық орнаушы еді. Сондай бейбітшіліктің бірінде мүлік артқан, керуен тартқан саудагерлер найман еліне келіп, дастарқан басында әңгіме-дүкен құрып, өздерінің Сарыөзектен кедергісіз өткенін айтады. Жуанжуандар құдықтан су алуға аса тыйым салған жоқ дейді. Әңгіме арасында Сарыөзекте мыңғырған келе-келе түйе бағып жүрген бір жас түйешіні көргендерін еске алады. Саудагерлер әлгі түйешімен сөйлескісі келген екен, сөйтсе ол мәңгірт екен. Былай қарасаң сапсау сияқты, тіпті ақыл-есі жоқ деп ойламайсың. Бір кезде ол да шешен, зерек болған шығар, өзі әлі жап-жас, мұрты енді-енді тебіндеп келеді, түр-тұлғасы да тәп-тәуір. Ал сөйлесе кетсең – кеше туған бала сияқты. Байғұс не өзінің атын, не әке-шешесінің атын білмейді. Өзіне жуан-жуандардың не бәле істегенін де сезбейді. Өзінің туған ел-жұртын, руын да білмейді. Не сұрасаң да үндемей тұрып-тұрып: “иә” немесе “жоқ” дейді, бар айтары сол. Басындағы кепештен қолын бір алмайды-ау, алмайды. Күнә болса да, адамдар кейде кемістікке де күледі. Осы әңгімені айтып отырып, саудагерлер кейбір мәңгірттердің басына түйенің терісі мәңгі қатып қалатынын да еске алды. Ондай мәңгірттерді: “Кәне, басындағы түйенің терісін сыпырып алып тастайық”, – деп қорқытсаң, ол үшін бұдан асқан азап жоқ, жабайы жылқыдай жұлқынып, басына ешкімді жолатпайды. Ондайлар өмірі басынан кепешті алмайды. Ұйықтаса да сол бас киіммен жатып ұйықтайды... Бірақ десті саудагерлер, ақымақты ақымақ дерсің-ау, ал әлгі мәңгірт өз шаруасына тас-түйін, керуен әбден ұзап кеткенше қалың түйе келелерін қас қақпай күзетіп, қалшиды да тұрды. Бір керуенші әлгі мәңгіртті алдамақ болып: – Ал біздің жолымыз алыс. Кімге сәлем айтасың? Сұлу қызың бар шығар, ол қай жақта? – дейді. – Жасырмай айта ғой. Естимісіңей? Сол қызға сенен сәлемдеме деп орамал апарып берсек қайтеді? Мәңгірт керуеншіге қарап-қарап тұрып, ақырында: – Мен түнде ылғи айға қараймын, ай маған қарайды. Бірақ бірбірімізді естімейміз... Айда біреу отыр... – деп міңгірлейді. Осы әңгіме үстінде саудагерлерге шай құйып беріп бір әйел отырған. Ол Найман-Ана еді. Найман-Ана деген атпен Сарыөзекте аңыз болып қалған. Найман-Ана жолаушылардың көзінше сыр берген жоқ. Әлгі хабардыестігенде шай құйып отырған әйелдің түрі өзгеріп, өзегі өртеніп кеткенін ешкім байқамай да қалды. Саудагерлерден әйел әлгі мәңгірт туралы егжей-тегжейлі сұрап көрмекші болды да, сол естігеннен артық хабар білудің өзінен қорқып кетіп, тілін тістей қойды. Кеудесінде бір күдік жаралы құстай шар етіп еді, өзін-өзі әрең тежеп, тіл қатпады... Бірте-бірте сорлы мәңгіртмүлде ұмытылып, әңгіме ауаны басқа жаққа көшті. Дүниеде не болмайды, соның бірі де, тәйірі. Ал Найман-Ана тұла бойын билеп алғанүрейді, қолының дірілін білдірмеуге тырысып, кеудесіндегі шар еткен жаралы құстың үнін өшіргендей болып, тек бурыл басынан көптен бері түспей келе жатқан қаралыжаулықпен бетін бүркемелей берді. Саудагерлер көп ұзамай өз жолымен кете барды. Сол бір ұйқысыз өткен түнде Найман-Ана Сарыөзекке барып, әлгі мәңгірт түйешіні іздеп тауып, өз баласыемес екеніне көзі жеткенінше жаны жай таппайтынын ұқты. Ұлының соғыс даласында мерт болғанына бұрыннан да ана жүрегі түскір бір түрлі шүбәлана беретін сияқты еді, сол бір зілмәуір зымиян күдік көкейінен қайта көтерілген... Соңырасыз сол күдікпен жүрегі мәңгі сыздап, ұдайы үрей меңдеп жүргенше, өлі-тірісіне біржолата көз жеткізіп қайту керек болды. Сарыөзек жағындағы жуан-жуандармен бір соғыста мұның ұлы шейіт болып кетіп еді. Оның алдындағы шайқаста күйеуі өлген. Ол наймандардың ішінде әйгілі даңқты кісі еді. Кейін әкесінің кегін алмаққа келесі жорыққа ұлы аттанды. Өлгендерді соғыс даласында қалдырып кетуге болмайды. Жорықтас ағайын өлген жауынгердің сүйегін елге қалайда алып қайтуға тиіс. Бірақ бұлжолы амал болмай қалды. Сол бір сойқан қоян-қолтық соғыста Найман-Ананың ұлы аттың жалын құша құлағанын көбі көрген. Ұрыстың дабылынан үріккен асау ат бір шетке ытырыла жөнелген. Үстіндегі жауынгер ерден құлап түсіп, үзеңгіден аяғы шықпай қалған кезде, әлгі аты түскір бұрынғыдан бетер үркіп, ақилана шауып, айдалаға әлгі өлі денені сүйретіп алды да кетті. Сұмдық болғанда, ақиқет ат жау жағына қарай зымырасын. Әрбір жауынгер жанталаса жағаласып, ұрыстың нағыз қызған шағында шашау кету қиын, сонда

да болса әлгі иесін сүйреткен аттың алдын кес-кестеп ұстап алмақ болып, екі ағайын тұра ұмтылған. Бірақ та сайда жасырынып жатқан жуанжуандардың тыл әскерінен бірнеше бұрымшаштылар қиқулай шауып, әлгі екеуді атойлады. Наймандардың бірі ә дегенде-ақ садақтың жебесі тиіп мұрттай ұшты, екіншісі қатты жараланып, атының басын бұрып, өз тобына әрең жетіп, гүрс етіп жерге құлап түсті. Жамандық көрмей, жақсылық жоқ, дегенмен осы жағдай арқылы наймандар жуан-жуандардың жасырынып жатқан тың жасағы бар екенін біліп қалды да, сол жасақтың нағыз шешуші сәтте бір бүйірден лап қоюынан сақтанып, етек-жеңді қайта жинап, қайта атой саларға, көп шығын шығармай тез шегіністеді. Әлгі жас жауынгерді – Найман-Ананың ұлын іздеу енді, әрине, ешкімнің ойына да келмей ес шыққан кез еді... Өз тобына қайта жетіп үлгерген жаралы найманның айтуы бойынша, жас жауынгерді сүйреткен ат белгісіз жаққа лезде батып, көзден ғайып болып кеткен... Наймандар өлікті бірнеше күн қатарынан шарқ ұрып іздеді. Бірақ не өлікті, не оның атын, не қару-жарағын таба алмады. Бір белгі жоқ, із-түзсіз кетті. Оның өлгеніне ешкімнің күмәні қалмаған. Тіпті жарадар болғанның өзінде, осыншама уақыт ішінде ол мына мидай далада шөлдеп, не қансырап өледі. Жас жауынгердің туыстары бауырымыз Сарыөзектің шөлінде көмусіз қалып кетті деп, жоқтау айтып, ұлардай шулап көп жылады. Көмусіз қалғаны – сүйекке таңба. Найман-Ананың үйінде жоқтау айтып жылаған әйелдер өз байлары мен бауырларын күстаналап: – Есіл ерді қарға-құзғыншоқыды-ау, ит-құсқашірін жем болды-ау! Оны жалғыз тастап кетіп, бастарыңа бөрік киіп, қайтіп еркек болып жүрсіндер-ау! – деп күңірөңді. Сөйтіп Найман-Ана басына құлазыған дүниеде құлазыған жалғыздық күн орнады. Соғыс болған соң адам құрбан болмай тұрмасын ол біледі, әрине. Бірақ өз ұлының айдалада жападанжалғыз, жүзі жасырусыз, көмусіз қалғаны сорлы ананың жанын жегідей жеп барады. Қайғының қалың нуында аңырап қалды. Қатпар-қатпар қайғыны бөлісетін ешкім жоқ, бір құдайдан басқаға арыз айтып, шағынар да пенде жоқ... Біржолата күдер үзерге, жайраған жалғыз ұлдың жұлыны жұлынғанын өз көзімен көру керек. Өлген екен, әне сонда тағдырдың салғанына кім таласпақ? Ана жүрегін бәрінен де күпті қылған жайт – ұлының ереуіл атының ұшты-күйлі жоғалып кетуі еді. Үйірде өскен жылқы баласы ерте ме, кеш пе, әйтеуір, өзі от оттаған жерге бір оралып, үзеңгіге аяғы ілініп қалған өлікті сүйретіп ала келуі керек еді. Өне сонда ана сорлы қанша үрейлі болса да, өліктің үстіне құлап түсіп, ойбайын салып, өз бетін өзі тырнағымен орып жіберіп, құдай қарғап қойған сормандай сорлымын мен деп, ай бір аңырар еді; сонда соқыр құдайдың құлағы керең болып қалмаса, сол аңырақай жоқтаудан жаны шошыр еді. Өне сонда сорлы ана баласынан біржолата күдер үзіп, ақ мамасы қара тасқа айналып, ендігі жерде өлімнен де қорықпай, ажал қашан келсе де аялдамай, алаңдамай, артына қарайламай, сол зұлматты қарсы алар еді. Қырсыққанда, ұлының өлігі табылмады, атықайтыпкелмеді. Басқа жамағайын мұның баласын бірте-бірте ұмыта бастады, дүния халі солай ғой, шығын қанша ауыр болса да, жара шірін бірте-бірте жазылар да... мәңгі ұмытылар. Бірақ жалғыз ана жүрегін күдігі түскір кеміре берер. Бәрі-бәрі ұмытар, тек ана ғана тағат таппас, ұмыта алмас. Ана байғұс баладан басқаны ойламас. Ереуіл атқа не болды, ер-тұрманы, қару-жарағы қайда қалды – ең құрыса, солардың бірі табылса, ұлының қандай халге ұшырағанын шамалауға болар еді-ау. Сарыөзектің бір бұлымында әбден қалжырап, тұралаған тұл атты жуан-жуандар ұстап алуы да ықтимал ғой. Әбзелді ат та олжа емес пе. Олай бола қалған заманда, үзеңгіге аяғы ілініп сүйретілген ұлдың күні не болды? Жуанжуандар оның жүзін топырақпен жасырды ма, жоқ әлде ит-құсқа жем болсын деп тастап кетті ме? Ау, егер ол әлі кеудесінде жаны бар болса ше, ғажайыптан шыбын жаны шықпаса ше? Сонда жаулар оны азаптан біржолата құтқарып, өлтіре салып, айдалаға тастап кетті ме екен, әлде? Әлде? А, кенеттен?.. А, бәлкім?.. Күдік-шүбәда шек жоқ. Осынау кезбе саудагерлер шай ішіп отырып, Сарыөзекте кездескен жас мәңгүрт туралы әңгіме айтқанда, олар Найман-Ананың өзі өртенгелі тұрған өзегіне шоқ салып жібергендерін сезбей де қалды. Ана-жүрек әлдеқалай сезіктен аласұрып, атқақтап ала жөнелген. Әлгі жас мәңгүрт менің бейбағым емес пе екен деген ойжатса-тұрса мазалап, бүкіл санасын шырмап алды. Ақыры өз көзімен көріп, бөтен біреу болса, оны анықта, күдер үзбейінше, көңілі тыншымайтынын

ақиқат сезді. Наймандардың жазғы жайлауы болған ойлы-қырлы осы өңірде тастақ бұлақтар ағып жатады. Түні бойы Найман-Ана сол бұлақтың сылдырын сарыла тыңдайды. Оның алқынған жүрегіне үндес емес сылдыр бұлақ не дейді? Соны тыңдап сорлы жүрек тыншығысы келеді. Сарыөзектің тылсым даласына аттанар алдында мына жәудір бұлақтың сыбдыр үніне әбден қанып, қуаттанып алғысы келеді. Сарыөзекке жалғыз аттанудың қаншалықты қатерлі, қауіпті екенін ана шіркін біледі, бірақ өзі тәуекел еткен тіршілігін жан баласына тіс жарып айтқысыжоқ. Бәрібір оның жан дүниесін ешкім түсінбес еді. Оның бұл әрекетін ең жанашыр дегендердің өзі құптамас. Әлдеқашан сүйегі қурап қалған ұлын да адам іздей ме екен? Әйтеуір, бір себеппен тірі қалғанның өзінде де, мәңгірт болып кеткен ұлдан не қайыр, оны іздеп не азап, құр бекерге жүрегінді жұлмалап не керек? Мәңгірт дегенің бір кездегі сау адамның қарақшыдай болып қалған қаңқасы емес пе? Оны көргеннен не береке?.. Жолға аттанар сол бір түн. Найман-Ана үйден бір шығып, бір кірді. Түн сықпытына тесіле қарап, тың тыңдап, бағдар бағамдап, ойран болған ойын жинақтап, ұзақ тұрады. Аспан ашық, сүттей жарық жер бетіне әлжуаз нұрын себелейді. Дөң-дөңестерді бауырлай шоғыр-шоғыр тігілген ақ үйлер мына шылдырақ бұлақтарды жағалай қонақтап қалған аққу құстар сияқты. Ауыл іргесіндегі қой қотан мен одан әрі жылқы жайылып жатқан жылға сай жақтан иттердің үрген үні, адамдардың күбір-сыбыр даусы естіледі. Ауыл сыртында қыздар қосылып ән салып жүр. Бәрінен де Найман-Ана жүрегіносыәнелжіретеді. Өзі де бір кезде осылайша айлы түнде ән салған... Ес біліп, осы елге келін болып түскелі бері бұл ауыл жылда осы жерлерге жайлауға шығады. Бар өмірі осы өлкеде өтіп келеді. Кезінде керегесі кең, үйі толы адам еді, төрт үй қатар тігілетін. Біреуі – ас үй, біреуі – қонақ үй, екеуі – жатын үй еді. Жуан-жуандардың шапқыншылығынан кейінжалғыз... Иә, ол енді жалғыз үйді тастап кетіп барады... Жолға кеш батаақ жиналған. Ас-су дайындалған. Суды көбірек алды. Сарыөзекке жеткенде бірден құдық табыла ма, жоқ па деп, екі мес су құйып алды... Күн батар-батпастан Ақ інгенді мама ағашқа байлап қойды. Бар үміт артар жалғыз жолдасы сол. Ақ інгеннің күші мен жүйріктігіне сенбесе, Найман-Ана Сарыөзектің меңіреу даласына тәуекел деп аттанбас та еді. Екі рет боталаған Ақ інген сол жылы қысыр болғандықтан мініске берік, жарау күйінде-тін. Ұзын тірсек, бедеу інгеннің табаны серіппелі еді де жас малдың табаны мұқала қоймаған, қос өркеші тіп-тік, әдемі иір мойын, қырым етсіз келісті бас, сау желгенде екі танауы көбелектің қанатындай желпілдеп, ауаны қомағайлана тартатын Ақ інгеннің құны тұтас бір келеге пара-пар еді. Мұндайжел жануардан ұрық алып қалар үшін ондаған тайлақты матап тұрып берер еді. Мыңғырған малдан Найман-Ананың қолында қалған жалғыз алтын қазынасы осы Ақ інген-ді. Басқа байлық сабындап жуған қолдың кіріндей ғайып болды. Бәрі де өлі аруақтардың сыбағасыболып, қырқына сойылды, жыл толған асына ысырап болды... Қазір әлдебір үмітпен өзі іздеп бара жатқан ұлына да осы таяуда жуық жерлердегі исі найман баласын шақырып, қарақұрымдай жұртты жиып, ақырғы асын беріп таратқан. Таң қылаңда Найман-Ана жиынып-терініп үйден шықты. Табалдырықтан аттай бере, босағаға сүйеніп, ұйықтап жатқан ауылдымұңлықөзбен тағыда бір шолыпалды. Өлі де сынытаймаған сымбатты Найман-Ана алыс сапардың салты бойынша белді бекем буынған. Аяғында етік, шалбарланыпалған. Көйлек сыртынан қысқа жеңді қамзол, оның сыртынан желбегей шекпен жамылған. Басын ақжаулықпен орап, желке тұсын түйіп қойыпты. Түні бойы ойлапойлап, ақыры ұлыммен кездесу сапарына бара жатсам, қара жамылып керегі не деген. Өгәрім үміті ақталмаса, әлі де қара жамылып үлгірер. Алагеуім сәтінде шашының ағарғаны, қасіреттің таңбасындай жүзін айғыздаған әжімдері білінбейді екен. Сол бір шақта жанарына үйіріліп жас келді де, көкірегі қарс айырылып күрсініп салды. Осындай хал кешемін деп ойлап па еді... Лезде қайратқа мініп, бойын жинады. Босағадан аттай беріп: “Би-исмил-лаһи-р-рахмани-р-рахим” – қайырымды, шапағатты Алла атынан” деп Ақ інгенге қарай адымдап ала жөнелді. Інгенді шөк-шөк деп шөгергенде, Ақ інген жарықтық әдеті бойынша ыңырана бақ-бақ етіп, төсін жерге төсеп, тізесін бүге берді. Аша үстіне қоржынды артып болып, Найман-Ана інгенге мініп, шу-шулегенде жануар тізесін жазып, үстіндегі иесін аспандата түрегелді. Алыс сапар тұрғанын Ақ інген сонда сезді... Найман-Ананың аттанғанын үйдегі қызметші

қайын сіңлісінен басқа ешкім сезген жоқ. Ұйқысыраған қайын сіңлісі есінеп тұрып, жеңгесін жалғыз шығарып салды. Найман-Ана қайын сіңлісіне: “Ертең төркіндеріме аттанамын, біраз күн қонақтап, егер жолсерік табылса, Қыпшақ еліне асып, Түркістан барып, қасиетті Өзіретісұлтан Қожа Ахмет Яссауи мешітіне тағзым етемін”, – деп кеше ескерткен... Әркім-әркім жөн сұрап әуре етер деп, жолға таң бозынан аттанды. Ауылдан қашықтап барып, тылсым түнек түкпірінен әреңмәрең көлбеп жатқан Сарыөзектің даласына қарай бет алған... Бұл өлкеде пойыздар шығыстан батысқа қарай, батыстан шығысқа қарай ағылып жатады. Бұл өлкеде темір жолдың қос қапталынан басталып сахара сар даланың кіндік тұсы – Сарыөзектің ұлан-ғайыр жазығы көсіліп жатады. Бұл өлкеде, қашықтық атаулы уақыттың Гринвич меридианы бойынша өлшенгеніндей, темір жолдың алыс-жақындығына қарай өлшенеді. Ал пойыздар шығыстан батысқа, батыстан шығысқа қарай жүйткіп жатады. “Конвенция” авианосецінің бортынан “Паритет” орбиталық станциясындағы бақылаушы космонавтардың атына тағы біршифрлі радиограмма жөнелтілді. Бұл радиограммада да: Күн Галактикасынан тысқары жақта жүрген 1–2 және 2–1 паритет-космонавтармен олардың қайта оралу мәселесі жөнінде ешқандай келісім болмасын, радиобайланыс жасамаңдар деп қатыбас қатаң түрде ескертілді! Бұдан былай да Бірбасордың нұсқауын күтіңдер делінді. Мұхитдауылысәлбәсеңсіген. Авианосеці толқындаредәуіртербеп тұрған. Алып кеменің құйрық жағын ала Тынық Мұхиттың суы сапырылып, асыр салып, асып-тасып жатты. Теңіз айдынында толқынменойнағансансыз ақкөбікжалдардымыңқұбылтыпжалтырата жайнап қақ төбеде күнжарқырап тұр. Бір сарынменжел еседі. “Конвенциядағы” жан біткен – авиаторлар да, мемлекеттік қауіпсіздік қызметкерлері де – бәрі-бәрі сауысқандай сақ қалпында, сақадай сай күйінде... Сарыөзектің ой-қыры мен жазирасын қусырып Ақ інген жарықтық тынбай ыңырана боздап, сау желіп келе жатқалы да бірнеше күн өтті. Иесі болса тыным бермей, Ақ інгенді сауырлап, аптап атыраппен аңыратып келеді. Тек түнде ғана сирек кездесетін саяқ құдықтың басына түнеп шығады. Ал таң ата Сарыөзектің сансыз қатпар-жықпылынан мыңғырған түйе табынды іздеп тағы жолға шығады. Күні кеше көрген кезде, саудагерлердің айтуы бойынша, олар мәңгүрт түйешіге пәленбай шақырымға созылып жатқан осы Құмдышаптың тұсында кездескен. Найман-Ана енді сол мәңгүртті іздеп, шарқ ұрып жүр. Жуан-жуандарға тосыннан түйісіп қаламын ба деп қорқа-қорқа Құмдышапты айнала шарлағанына да екінші күн. Бірақ қанша шарқ ұрғанмен қу дала мен сары сағымнан басқа ештеңе көзге ілікпейді. Бірде тіпті алыс күмбездері көкке өрлеген ғажайып қала көрінгендей болды да, Найман-Ана соған жетпек болып, ит өлген жер жүріп, арам терге малынды. Ондағы ойы: “Балам сол шаһарда құлдар сататын базарда жүрген шығар” деген дәме еді. Құлдыққа сатылайын деп тұрған жерінен баласын құтқарып, Ақ інгенге мінгестіріп алып қашса, оны ешкім де қуып жете алмас еді... Сөйтсе, бұл алдамшы сағым екен, алданғанына қатты күйінді. Сарыөзектен адам іздеп табу деген оңай ма екен: адам да бір, бір түйіршік құм да бір. Ал енді кең өрісте жайылып, мыңғырған мал жүрсе, оны әйтеуір ерте ме, кеш пе, табасың. Соны тапсаң, бақташысы да табылады. Найман-Ананың есебі солай еді. Бірақ еш жерден тірі жан кездеспеді. Жуан-жуандар қалың малын басқа өріске ауыстырып әкетті ме, әлде толайым күйінде Хиуа мен Бұхардың базарына айдап кетті ме деп те сескенді. Олай болса, түйеші мәңгүрт ит арқасы қияннан қайтып орала ма, жоқ па?.. Ана шіркін көкірегін қайғы мен күдік көрнеп, ауылдан аттанарда жаратқаннан бір-ақ тілек тілеген: мейлі мәңгүрт болсын, мейлі ессіз, ақылсыз пенде болсын, кім болса, ол болсын, әйтеуір, менің балам болып шықса екен, әйтеуір, тірі көрсем екен... Бір көрсем – арманым жоқ! – деген. Бірақ та жуырда кезбе саудагерлер керуені әлгі мәңгүртті кездестірген жерге жақындаған сайын ана жүрегі ақыл-ессіз мәңгүрт ұлды көруден сескеніп, тұла бойын үрей билей берді. Енді құдайға: “Е, жасаған, балам тірі болмаса болмайақ қойсын, бірақ әлгі мәңгүрт сол болып шықпаса екен, бақытсыз басқа біреу болып шықса екен”, – деп жалбарынды. Ал алыстан сарылып, сансырап келе жатқандағы мақсаты – әлгі мәңгүртті өз көзімен көріп, өзінің ұлыемес екеніне әбден сеніп, біржолата күдер үзу. Күдер үзіп, елге қайтып, қалған ғұмырында тағдырдың салғанын көріп жүрер еді де... Енді бірде бұл райдан қайтып: “Е, құдая, сол бейшара мәңгүрт басқа біреу емес, тек

менің ұлым болса екен деп зарыға, зарлана тіледі. Мәңгүрт тұрмақ, тағы бір бәле болып кетсе де, тек менің ұлым болса екен...” Ойлар сайысының осындай ойранында келе жатып, енді бір қырқадан аса бергенде, кең алқапта жайбарақат жайылып жатқан түмен түйе табыны көзіне оттай басылды. Өркештерін май тұтқан қоңыр түйелер маңғаздана маң-маң басып, әр қараған, шеңгелдің басын бір шалып, жайыл-ы-ып жүр. Іздегенім ақыры табылды-ау деп Найман-Ана ә дегенде қуанғаннан Ақ інгенді сауырлап, өріске қарай салып ұрып келе жатты да, кенет қазір мәңгүрт ұлымен көрісетіні есіне түсіп, есі шығып, тұла бойы қалшылдап, үрей-үркек болды да қалды. Тағы бірде қуаныш бойын қайта билеп, не болғанын білмей, жүрегі түскір алып-ұшты. Мыңғырған мал мынау, ау, мұның бақташысы қайда? Осыманда болса керек еді. Өзектің арғы бетінен бір адам көрінді. Аулақтан кім екенін айыру қиын. Қолында ұзын таяғы бар, үстіне қоржын, торсық артқан мініс түйесі жетегінде, әлгі бақташы сабалақ тұмағын баса киіп, жақындап келе жатқан жолаушыға бей-жай қарап, қозғалмастан тұра берді. Таяп келіп, Найман-Ана өз ұлын танығанда, түйе үстінен қалай аунап түскенін өзі де білмей қалды. Ақ інгеннен құлап түскендей болып еді, оны елер шама жоқ! – О, ұлым менің, құлыным! Мен сені іздеп шарқ ұрдым! – Ол киіздей тұтасқан баялышты кеше-меше ұмтылды. – Мен сенің анаңмын! Жүрегі түскір су-у-у ете қалды. Аяғымен жер тепкілеп, аузыбасыкемсеңдеп, өзін-өзі тежей алмай, ал кеп бір аңырасын, боздасын сорлыана. Буын-буыныдірілдеп, құлап түспекке томардай қақайып тебіренбей тұрған ұлының иығынан қос-қолдап құшақтап алған. Төбесінен ұдайы төніп тұрған қара қайғы зілмәуір салмақпен енді келіп үстіне құлағанда, амалсыздан аңырап, азалы бір, үрейлі бір үнге басқан. Жылап тұрып, жас жуған ақ шашының арасынан, бетіндегі шаң-тозаңды көзден аққан жас лайланып, соны сұртпек болып, діріл қаққан саусақтарының арасынан әлі де үміткер көңіл өз ұлының таныс дидарына қадалады. Мені таныр ма екен деген ынтызар үмітпен ұлының жанарына жалбарына көз тігеді. Өз анасын тану деген сонша қиын емес қой, құдай-ау!.. Бірақ анау бұл әйелді осы даладан күнде көріп, әбден көзі үйреніп кеткендей-ақ, бұл жолаушының алыстан арып-ашып келгеніне титтей де мән берген жоқ. Қасында біреу бар ма, жоқ па, неге жылайды-ау, неге күйзеледі-ау деген не, жо-жоқ, селт етпедіау сабазың. “Ау, неге жылап тұрсыз?” – деп те сұрамады. Ол-ол ма, бір сәтте анасының қолын өз иығынан ысырып тастап, жанынан бір сәт ажырамайтын қомдаулы түйесін жетектеп, тасыраңдаған жас табын алыстап кетпеді ме екен деп, түйелержаққа қарай аяндап кете барды. Жападан-жалғыз қалған Найман-Ана жүресінен отыра кетті де, өксігін баса алмай, қос қолымен бетін мыжып, басы салбырап, сансырады да қалды. Ақыры әл-дәрменге келіп, сабыр сақтауға тырысып, баласының артынан барды. Мәңгүрт ұлы сабалақ бөрікін баса киіп, бұған зердесіз, мәнсіз ғана көз қиығын тастағанда жел қағып, қайыстай қарайып, өлі беттеніп кеткен жүзінде болар-болмас жымиыс елесі шалықтап өткендей болды. Ал көзі... көзі дүниеде не бар, не жоғынан бейхабар, бейтарап, сол баяғы адасқақ, сезімсезіксіз күйінде қала берді. – Отыр, сөйлесейік, – деді сорлы ана аһ ұрып күрсініп алып. Екеуі жерге отырды. – Сен мені танысың ба? – деді анасы. Мәңгүрт басын шайқады. – Сенің атың кім? – Мәңгүрт. – Мәңгүрт деп сені қазір атайды. Ал бұрынғы атың есінде ме? Есіңе түсірші шын атыңды. Мәңгүрт үнсіз. Бірдеңені есіне түсіргісі келіп, ышқынып-ақ отыр, тіпті қиналғаннан кеңсірігі терлеп те кетті, бірақ көз алдын дір-дір еткен тұнжыр тұман тұтты да тұрды. Сірә, көз алдын ештеңе көрсетпес қалың қапас қаптап алса керек, ештеңені есіне түсіре де алмады, елестете де алмады... – Әкеңнің атын білесің бе? Әкеңнің атыкім? Өзіңнің елің қайда, руың кім? Тым құрыса, туған жеріңді білесің бе? Жоқ, тұтасқан тұңғиық тұман. Ол еш нәрсе білмейді. – Құдай-ау, қандай күйге душар қылған сені! – деп сыбырлап, ана мұңлық қайтадан еріксіз аузы кемсеңдеп, ыза мен қайғыға булығып, өзін-өзі баса алмай, өксіп-өксіп, үзіліп-үзіліп боздай берді. Ана қайғысы мәңгүртке шыбын шаққан ғұрлы көрінген жоқ. – Ау, жерді, суды тартып алса мейлі, байлығыңды тартып алса мейлі, тіпті жаныңды алса да мейлі, – дейді ана үнін шығарып. – Ау, адамның ақыл-ойын тартып алуды қандай қаражүрек ойлап тапты, құдай-ау?! О, құдай, бар екенің шын болса, мұндай сұмдықты жұртқа қалай дарыттың? Жер бетінде басқа сұмдық аз ба еді? Сонда мәңгүрт ұлына қарап тұрып Найман-Ана ай мен күн, күллі әлем туралы, өзі туралы атақты

жоқтау жырын айтты дейді. Сарыөзек жөнінде сөз болғанда осы жырды жаттап айтатын білгіштер әлі де бар. – Мен ботасы өлген боз мая, Тұлыбын келіп иіскеген... Осылайша күйініп, Сарыөзектің қиырсыз меңіреу даласын жұбанышсыз, шексіз жоқтау жырымен күңгіренткен екен... Бірақ мәңгүрт ұл селт етпеген. Сонда Найман-Ана сұрақты тыйып, енді әлгі бейбақ ұлына жөнжосықты сөзбен жеткізбек болған ғой. – Сенің атың – Жоламан. Естимісің сен? Сен – Жоламансың. Әкеңнің аты Дөненбай. Әкеңді ұмытып қалдың ба, құлыным? Ол саған титтейіңнен садақ атуды үйретіп еді ғой. Мен сенің анаңмын. Сен менің баламсың. Сен найман руынан боласың, ұқтың ба? Наймансың сен... Айтуын айтты-ау байғұс ана. Бірақ баласы меңіреу қара тастай мелшиіп тұра берді. Не айттың, не қойдың демеді. Оған ана әзіздің зары да, шөп арасындағы шегірткенің шырылы да бір сияқты. Тіпті болмаған соң Найман-Ана мәңгүрт ұлдан: – Сен мұнда келгенге дейін не болды, білесің бе? – деп сұрады. – Ештеңе де болған жоқ. – Мұнда келгенінде күндіз бе еді, түн бе еді? – Ештеңе де. – Кіммен сөйлескің келеді? – Аймен. Бірақ біз бір-бірімізді естімейміз. Айда біреу отыр. – Тағы не қалар едің? – Басымда қожамның басындағыдай бұрым болса. – Келші бері, басыңа олар не істеді екен, көрейін, – деп Найман-Ана қолын соза беріп еді, мәңгүрт шоқ басқандай, ыршып түсті. Шегініп кетіп, қос қолымен тұмағын баса қалып, енді қайтып апасына қарамай қойды. Баласының басы туралы еш уақытта тырс етіп тіс жармау керек екенін шешесі сонда түсінді. Осы кезде алыстан түйелі адам көрінді. Түйе мінген осылай беттеп келеді екен. – Анау кім? – деп сұрады Найман-Ана. – Маған ауқат алып келе жатыр, – деді баласы. Найман-Ана шошып қалды. Кенеттен келе жатқан жуан-жуан көріп қалмай тұрғанда, тез жасырыну керек-ті. Ол інгенді ылдымжылдым шөгеріп, үстіне міне берді. – Сен ештеңе айтпа... Мен кешікпей келемін, – деді Найман-Ана. Баласы үндеген жоқ. Оған бәрібір. Жайылып жатқан түйелердің ара-арасымен інген мініп өткеніне өкінді. Енді болары – болды. Табынға таяп қалған жуан-жуан ақ інген мінген адамды, әрине, көріп қойды. Інгенді жетектеп түйелердің ара-арасымен жаяу кету керек-ақ еді. Табыннан едәуір ұзап барып Найман-Ана жағасына қалыңжусан өскен терең жыраға түсіп кетті. Ол осы жерге інгенін шөгеріп, жасырыныпжатып, әлгі жуан-жуандыбақылайды. Айтса-айтқандай, жау оны байқап қалған екен. Сәлден соң-ақ сол жуан-жуан түйесін желдіріп отырып жортып келеді. Қолында найза, мойнында садақ. Әлгі алыстан шалынған ақ түйелі адам қайда ғайып болдыдегендей жан-жағына алақ-жұлақ қарап, жуан-жуан аң-таң. Қалай қарай жүрерін өзі де білмейді. Жыраны, жағаны жағалап былай бір өтті, олайбір өтті. Соңғырет тіпті таяпқалып, заулапөте шықты. НайманАна Ақ інгеннің тұмсығынжаулықпенбуыптастағанымұндайжақсы болар ма, әйтпесе хайуан неме үні шықса – бітті ғой. Жағадағы жусанның арасынан сығалапжатып, Найман-Ана жуан-жуандыанық көрді. Мінгені барақ түйе екен, жан-жағына алақ-жұлақ қарайды. Боржық беті сіресіп қалыпты. Басында қайық сияқты қайқы қара қалпақ. Желкесінде екі айырық өрген бұрым күнге қурап, оңып кеткен сияқты. Жуан-жуан үзеңгіге аяғын шірене тірел, түйенің үстінде түрегеліп тұрып, найзасын серт ұстап, көздері аларып, айналанытінде шолады. Бұл Сарыөзекті басып алып, талай халықты қан жылатып, құлдыққа айдап қор қылған қатыгез жаулардың бірі еді. Найман-Ананың сүттей ұйып отырған ұясын да бұзған осылар. Қару-жарақсыз жалғыз әйел мына жалмауыздай жойпат жауға не қауқар көрсете алмақ? Біреудіңжерін, малып тартып алғаныбірсәрі, ал адамдарын құл етіп, оны мәңгүртке айналдырып ақыл-есінен айыруға бұл жойпат жабайы жауыздарды қандай ахуал, нендей жағдай итермеледі екен... деп ойлады сонда Найман-Ана. Ары-бері алқын-жұлқын шапқылай жүріп-жүріп, жуан-жуан ақыры табынға қарай тартып отырды. Күн кешкірген. Күн батып кетсе де, оның алау шапағы мидай даланың үстінде қызарып тұрып алды. Сәлден соң бірден ымырт үйіріліп, түн түнегі түсті. Найман-Ана сол түнді өзінің соры қайнаған мәңгүрт ұлының маңайында жападан-жалғыз өткерді. Ұлының жанына жақындап баруға сескенді. Әлгі жуан-жуантабында түнеп қалуыда мүмкінғой. Содан сорлы ана ұлымды мұнда қор етіп қалдырмай, неде болса алыпқашайындап түйді. Мейлімәңгүрт-ақ болсын, мейлі ақыл-естен ада ауыш болсын. Сарыөзектің қуарған даласында пенде халін кешкенше, неде болса өз үйінде жүрсін. Ана-жүрек осылай деп зар иледі. Басқалар

көндіккен сұмдыққа бұл көндіге алмады. Өзінің өзегінен шыққан жалғызды жауаңдатып жау қолында қалдыруға жаны төзбеді. Кім біледі, сәтін салып, туған жерін көрген соң баласының есі кірер, кім біледі, балалық шағы есіне түсер, миы оянар... Таң ата Найман-Ана Ақ інгенге мініп жолға шықты. Түні бойы едәуір ұзап кеткен түйе табынға алыстан орағытып, байқап-байқап, ақыры таяп келеді. Жайылып жүрген малдың төңірегін ары-бері әбден шолып, жуан-жуандардың жоғына көзі жеткен соң: – Жоламан! А, Жоламан! Амансыңба, құлыным! – деп дауыстады. Баласы жалт қарағанда, қайран ана қуанғаннан үні оқыс шығып, үміттеніп қалып еді, сөйтсе ұлы тек дауысқа ғана бұрылған екен. Анасы сонда тағы да баласының ақыл-ойын оятпақ болып жанталасты: – Ойланшы, балам, атыңдыайтшы, атың кімсенің? – деп жалына, жалбарына жан ұшырды ана-мұңлық. – Сенің әкең Дөненбай ғой, ұмытып қалдың ба? Сенің атың Мәңгүрт емес, ойбай, Жоламан. Наймандардың ұлы көшінде жолда келе жатқанда туғансың. Содан атыңды Жоламан қойғанбыз. Сен туғанда жолда тоқтап, үш күн бойы той тойлағанбыз. Бұл зар-әңгіме баласына шыбын шаққан ғұрлы әсер етпесе де, анашіркін әйтеуір бірі болмаса, бірі есіне түсер, саңлаусыз санасына бір сәулелі сызат түсер деген үмітпен ынтызар сөзін қорқылып сөйлей берді, айта берді: – Есіңе түсірші, атың кім сенің? Сенің әкең – Дөненбай! Содан қоржындағы жол азығынан алып баласын тамақтандырды. Баласыауқаттанып отырғанда, анасыныңылдап бесік жырын айтты. Бесік жыры мәңгүртке өте ұнап кетті. Ана жыры жанына жағып бара жатса керек, көнектей қап-қара боп сірескен бет-жүзіне иненің жасуындай жылу пайда болып, жібiгендей көрінді. Сол-сол екен, үміткер ана: “Құлыным, кетейік бұл қарғыс атқанжуан-жуандардан, туған еліңе қайт”, – депжат та кепжабысты. Мәңгүрт бұған көнбеді. Ау, малды кім бағады? Малды тастап, басқа бір жаққа кетіп қалу деген ол үшін миға кірмейтін сұмдық. Қожасы: “Малды тастап бір елі аулақ кетуші болма”, – деп бұйырған. Қожасының айтқаны – айтқан: ол табынды тастап ешқайда да бармайды... Найман-Ана қара жартас қақпаны құр бекерге қаққандай, бір айтқан сөзін мың айтып: – Ойланшы, балам, кімнің ұлысың? Атың кім? Әкең сенің Дөненбай! – деп жағысембей зарлады. Өлген ботасын тірілтпек боп боздаған інгендей зарлай-зарлай, жазған ана ұзақ уақыт отырып қалғанын байқамай, тек кешегі жуанжуан тағы да табынға таяп қалғанын бір-ақ көріп, шошып кетті. Бұл жолы жау түйесін желдірте түсіп, тым жақын келіп қалған екен. Найман-Ана оқтай атылып, Ақ інгенге қарғып мінді де, аулаққа зымырап ала жөнелді. Сөйтсе қарсы жақтан бұған қарай тағы бір жуан-жуан тұра шапты. Сонда Найман-Ана тәуекел деп тас жұтып, екі жуан-жуанның ортасынан Ақ інгенін ағызып өте шықты. Жел аяқ Ақ інген оқ бойы алға озып кетті, арт жақтан найзаларын жарқылдатып жуан-жуандар қиқу салып қуып келеді. Бірақ Ақ інгенге жету қайда-а-а. Барақ жүнді түйелері титықтап, қара үзіп қала берді, ал Ақ інген болса, жұлдыздай жүйткіп, Найман-Ананы анық ажалдан аман алып шығып, Сарыөзектің танабын қусырып, құстай ұшты. Ызадан жын бұған жуан-жуандар қайтып барып бас салып мәңгүртті сабағанын ана-зарлық білгенжоқ. Мәңгүртті ұр не, ұрма не. Тек айтары: – Ол маған шешеңмін дейді, – дей береді. – Қайдағы шешең ол сенің!Шешең жоқ сенің! Ол қатынның неге келгенін сен білесің бе, ақымақ? Білесің бе-ей? Ол қатын сенің басыңдағы кепешіңді жұлып алып, анау ақымақ басыңнан көн теріңді сыдырып тастамақшы! – деп жуан-жуандар мәңгүрттің жанын түршіктірді. Сонда мәңгүрттің қап-қара жүзі қаны қашып, шүберектей ағарып, құп-қу болып кетті. Мойнын ішіне тартып, бас салып кепеш-тымағын қос қолдап ұстап қолға түскен аңдай, жанжағына үрейлене қарады. – Әй, сен қорықпа! Мә, мынаны ұста! – деп жуан-жуандардың үлкені мәңгүрттің қолына жебелі садақты қармата берді. – Ал, көзде! – деп кіші жуан-жуан өзінің қалпағын аспанға лақтырып жіберіп еді, қалпақты жебе лезде тесіп өтті. – Ойбой, мынаны қара! – деп қалпақтың иесі аң-таң қалды. – Мынау да бір белгі болды-ау! Найман-Ана Сарыөзектің жайық даласында ұясы бұзылған құстай шырылдап, айналып жүрді де қойды. Енді не істерін, не күтерін де білмейді. Жуан-жуандар қалың малын енді өз Ордасына қарай жақындатып айдап кете ме, жоқ әлде Найман-Ананы ұстап алудың амалын ойлап, аңдуға көше ме – белгісіз. Ойы он саққа кетіп, тасатасаны сағалап, әлгілерді алыстан көздеп жүріп, екі жуан-жуан табыннаналыстап, ауылдарына қайтып бара жатқанын көріп, қатты қуаныпқалды.Әлгі екеуі артына қарайламай,

қатарласып кетіп барады. Олар әбден алыстап кеткенше Найман-Ана көз алмай аңдып тұрып, ақыры ұлына оралуға бекінді. Бұл жолы баласын қалайда алып кетуге бел байлады. Мәңгүрт те болса – өз перзенті, мәңгүрт болғаны баласының кінәсі емес, тағдырдың салғаны, жойпат жаудың қатыбас қара жүректілігі; ал бірақ ана өз балапанын жау қолында құлдықта қалдыра алмас. Көрсін наймандар! Қолға түскен найман жігіттерін тас жүрек жалмауыр жау қалай азаптайтынын, қалай қорлайтынын, ақыл-есінен қалай айыратынын көрсін. Көрсін де ыза мен кек кернеп, қару-жарағын алып, намыстың тұлпарына мінсін. Жуан-жуандар наймандардың жерін тартып алды. Мәселе жерде ғана ма екен. Жер жарықтық бәріне де жетеді. Қорлығын айтсайшы, қорлығын. Бұл қорлық тіпті алыста жатса да жаныңа бата, жай таптырмас... Осыны ойлап Найман-Ана ұлына оралды, не деп иландырамын, қалай көндіремін күні бұрын ойлап, осы түнде оны қалайда алып қашуға бекінген. Іңір қараңғысы еді. Сарыөзектің сайын сар даласын қызғылтым реңге малып, сайы мен саласынан сусып өтіп, тағы бір түн таянды. Бұған дейін де дәл осындай сансыз түн түскен, бұдан кейін де сансыз түнкеле бермек. Желмен жарысқан Ақ інген Найман-Ананы сау желіп отырып, жуан-жуандардың түйе табынына да алып келді. Байыған күннің жетім сәулесі қос өркештің ортасында отырған ана тұлғасын айқындап, айбаттандырып жіберді. Жан-жағына сақ қарап, уайым бұған Найман-Ана дидары боп-боз әм сесті еді. Шашының ағы да, бетінің әжімі де, жүзі мен көзіндегі мұңлы уайым да мына Сарыөзектің іңір қараңғылығындай қайғылы, қанаты қайырылған құстай қасіретті еді... Табынға да еніп, түйелердің ара-арасымен келе жатып, жан-жағына қарайды, ал баласы еш жерден көрінбейді. Үстінде қоржыны бар мініс түйесі бұйда-шылбырын шұбатып, қаннен-қаперсіз жайылып жүр, бала жоқ... – Жоламан! Құлыным менің, Жоламан, қайдасың? – деп шақырды Найман-Ана. Ешкім көрінбейді, тырс еткен дыбыс та жоқ. – Жоламан! Қайдасың? Мен анаңмын ғой! Қайдасың? Жанұшыра жан-жағына қарап тұрып, түйе тасасында өзіне қарай адырнасын тарта садақ көздеп, тізерлен отырған мәңгүрт ұлын байқамай да қалды. Мәңгүрт ұл атайын десе күннің соңғы сәулесі көзіне шағылысып, енді ол оңтайлы сәтті күтіп отыр еді. – Жоламан! Ұлым менің! – деп дауыстады, оған әлдене болып қалды деп абыржыған анасы. Түйе үстінен бұрыла беріп, көріп қалды: – Аtpа! – деп Ақ інгеннің басын бұра бергенше болмады, садақтың өткір жебелі оғы зың-ң-ң етті де, сол жақ тарқолтықтың астынан келіп кірш ете қалды. Аяусыз ажал оғы солай тиді. Найман-Ана інгеннің мойнын құша жайлап барып құлап түсті. Құлап түсерден бұрын басындағы ақ жаулығы ұшып кетті де, лезде құсқа айналып, аспанды шарқ ұра шырылдап: “Ойланшы, кімнің баласысың? Атың кім? Атың кім? Сенің әкең Дөненбай! Дөненбай! Дөненбай!” – деп зар қақсады. Найман-Ана сүйегі қойылған жер Сарыөзектің Ана-Бейіт мазары деп аталып кетті... Ақ інгеннен көп ұрпақ тарады. Ұрғашылары енесіне тартып, ақбас болып туып, шартарапқа даңқы кетті, ал еркектері қазіргі Боранды Қаранар сияқты қара реңді келіп, зор болып туар еді. Қазір сүйегін Ана-Бейітке алып келе жатқан Қазанғап марқұм: “Қаранар тегін тектен емес, Найман-Ананың атақты Ақ інгенінен қалған тұқым”, – деп ылғи да дәлелдеп бағатын.